

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

Газет 1928 жылдың қыркүйек айынан шыға бастады



■ **Baquatty audan**

БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ МЕРЕКЕСІ



1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында аудан орталығы Ақмол ауылының орталық алаңында мерекеге арналған салтанатты шара өтті.

Аудан тұрғындары мен қонақтары бұл мейрамда ұйымшылдық пен бірліктің үлгісін көрсетіп, еліміздегі татулық пен келісімнің маңызын паш етті.

Аудан әкімі Дарын Сабырғали жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтап, ізгі тілегін жолдады. Ол өз сөзінде ұлтаралық келісім мен татулықтың мән маңызына тоқталып, жас ұрпақтардың бойына да осы қасиеттерді ұялату керектігін атап өтті. Сондай-ақ өңір басшысы барша тұрғындарға ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жатқан үлестері үшін алғыс айтты.

Мерекелік шара аясында қонақтар назарын ерекше тартқан ұлттық ас мәзірлерінің көрмесі ұйымдастырылды. Меймандар түрлі этнос өкілдерінің жайған мол дастарханындағы ұлттық тағамдардан дәм татты. Мерекелік кеш аудан көркемөнерпаздарының концерттік



бағдарламасымен жалғасты. Жергілікті өнерпаздар әсем әннен шашу шашып, мың бұрала билеп, жиналған жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ақмол.

Е. ЕРАЛЫ.

■ **Аудан әкімдігінде**

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Целиноград ауданының әкімдігінде белгіленген кестеге сәйкес кезекті рет азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізілді.

Аудан әкімі Дарын Сабырғали тұрғындардың талап-арыздарын тыңдап, қолданыстағы заң аясында олардың шешілу жолдарын талқылады.

Қабылдау кезінде Қараөткел және Ы.Алтынсарин атындағы ауыл тұрғындарының өтініштері қаралды. Мұнда негізінен ауыл инфрақұрылымы, елді мекендерді көгалдандыру, автомобиль жолдарының жай-күйі, сондай-ақ жер



қатынастарын реттеу, жайылымдық жерлерді пайдалану туралы мәселелер қаралды.

Аудан басшысы әрбір сұрақ бойынша жан-жақты түсінік берді. Көтерілген мәселелерді шұғыл түрде әрі сапалы

шешу үшін сала мамандарына нақтылы тапсырмалар берілді.

Қабылдауда қаралған барлық мәселелер аудан әкімінің жеке бақылауында болады.

Өз тілшіміз.



ҚҰРМЕТТІ ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – батырлық пен қайсарлықтың, отансүйгіштік пен елге деген шексіз адал қызметтің айқын көрінісі.

Аға буынның ерлігі мен жас ұрпақтың ел қорғау жолындағы табанды еңбегі – баршамыз үшін мақтаныш. Сіздердің Отан алдындағы абыройлы қызметтеріңіз әрдайым жоғары бағалауға лайық. Ел игілігі жолында атқарып жүрген адал еңбектеріңіз үшін баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін.

Еліміздің өсіп-өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге табыс, әр шаңыраққа амандық, дендеріңізге саулық, бақ-береке тілеймін!

Дарын САБЫРҒАЛИ,
Целиноград ауданының әкімі.



ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР, ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ, ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – ерлік пен батырлықтың, қайсарлық пен отансүйгіштіктің мәңгілік символы. Осы бір қасиетті күні біз бейбіт өмір үшін жанын қиған боздақтарды терең құрметпен еске алып, ардагерлерімізге шексіз алғысымызды білдіреміз!

Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат, ел бірлігі мен татулығының айқын көрінісі. Бүгінгі бейбіт өміріміз бен жарқын болашағымыз – сол ерліктің жемісі екенін ешқашан ұмытпаймыз.

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, амандық тілеймін! Әр шаңыраққа береке мен бірлік орнасын! Еліміз тыныш, аспанымыз әрдайым ашық болсын!

Дарын САБЫРҒАЛИ,
Целиноград ауданының әкімі.



САЙЛАУ – 2026

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабының 3-тармағына сәйкес «Вестник Акмола» және «Esil-Nura» газеттерінің редакциясы сайлау алдындағы жұмыс үшін ақпараттық хабарламаның баспа алаңын ұсынады.

Жариялау үшін келісім шарттары 2026 жылдың 24 мамырынан бастап жасалады.

2026 жылдың 12 маусымы үгіт насихат материалдарын жариялаудың соңғы күні.

Газет редакциясы үгіт материалдарын жариялаудың кезегін олардың редакцияға келіп түсуімен байланыстырады.

Үгіт материалдарын газет бетінде орналастыруды газет редакциясы өзі айқындайды. Үгіт материалдары «Вестник Акмола» және «Esil-Nura» газетінде «Сайлау-2026» айдарымен жарияланады.

Қазақстан Республикасының әкімдер кандидатына баспа алаңын бергені үшін бір шаршы сантиметр үшін ақы төлеу мөлшері 135 (жүз отыз бес) теңгені құрайды.

Ұсынылған сайлау материалдары үшін төлем мөлшері 170 (жүз жетпіс) теңгені құрайды.

■ Президент

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ — ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АРҚАУЫ



Алматыда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің екінші отырысы өтті.

Мемлекет басшысы жиналыста сөйлеген сөзінде әлем технологиялық трансформацияның мүлдем жаңа кезеңіне қадам басқанына назар аударды. Президенттің айтуынша, қазіргі өзгерістер XIX-XX ғасырлардағы индустриялық революциямен салыстыруға келмейді. Өйткені оның жылдамдығы мен ауқымдылығы соншалық, физикалық болмыс пен цифрлық кеңістік арасындағы шекара жойылып барады.

Жасанды интеллект жаһандық экономиканың басты арқауы, ал үлкен деректер қоры аса маңызды ресурс санала бастады. Сондықтан Қазақстан жасанды интеллектті аса маңызды стратегиялық бағыт ретінде қарастырады. Алдымызға Қазақстанды заманауи цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде өршіл мақсат қойдық. Тиісті институционалдық алғышарттар мен базалық инфрақұрылым қалыптасты. Енді жасанды интеллект технологиясын экономиканың барлық саласына енгізуіміз қажет. Бұл ретте «технологиялық саясат шараларын» басшылыққа алып, ұлттық мүддені де ұмытпаған жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, жаңа технологиялық парадигмаға көшу үшін қазіргі жағдайға объективті, шынайы баға беру қажет.

Цифрлық экономика туралы тұжырымдама әлі толық жасақталмаған, қолданыстағы әдістеме бір ізге түспеген. Ішкі жалпы өнімді бес пайызға жеткізу туралы айтқанда, нақты экономика секторындағы өсім мен инновация нәтижесіндегі табыстың ара жігін ажырата білу керек. Жалпылама көрсеткіштер көбіне жұмыстың тиімділігін емес, алдамшы көрініс қалыптастырып жатады. Сондықтан бұл цифрландыру мен жасанды интеллекттің ел экономикасына қосқан нақты үлесін бағалауға мүмкіндік бермейді. Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттікпен бірлесіп, цифрлық экономиканың ІЖӨ-ге әсерін бағалау бойынша ұсыныстар енгізгені жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әлемдік деңгейдегі жетекші зертханалардың соңғы деректеріне сүйене отырып, дамыған және дамушы экономикалар арасындағы алшақтық тез ұлғайып келе жатқанын атап өтті.

Жасанды интеллекттің бір ерекшелігі – капитал да, технология да көшбасшылардың қолына шоғырланады. Уақтылы әрі батыл шешім қабылдаса, ертең «технологиялық алшақтықты» қысқарту қиынға соғады. Бұл – Қазақстан үшін алаңдатарлық ахуал. Қазіргі жағдайды егжей-тегжейлі саралап, нақты интеллектуалдық өнімдер жасауға қабілетіміз қаншалықты жететінін анық түсіну керек. Еліміз классикалық «Орта табыс дағдарысына» тап болды деген сарапшылардың пікірінмен келіспеске амал жоқ. Мұндай кезде табиғи ресурстар мен арзан жұмыс күші секілді дәстүрлі ресурстар сарқыла бастайды, ал экономикалық өсімге серпін беретін жаңа салалар тиісті деңгейде дамымайды немесе іске қосылмайды. Экономиканың тұралауына жол бермеу үшін үлкен цифрлық платформалар құру қажет. Сол арқылы цифрлық экономикаға жедел ауысу амалын іздеген дұрыс. Мемлекеттік деректердің бірыңғай жүйесі болмаса, жасанды интеллекттен пайда жоқ. Осы орайда мемлекеттік сервистерді көзге көрінбейтін, бірақ өте тиімді операциялық жүйеге трансформациялау керек. Сонда шамадан тыс бюрократиялық талаптардан құтыламыз. Қазіргі жүйе бойынша сұраныс жіберуден бастап шешім қабылдауға дейінгі аралыққа бірнеше күн немесе бірнеше апта кетеді. Негізі, аталған цикл бірнеше секундқа дейін қысқаруға тиіс. Сол кезде елдегі капитал айналымы жеделдей түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дүниежүзілік банктің мәліметінше, цифрлық экономиканың әлемдік ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекенің тауар нарығынан дереккор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірыңғай келендік рәсімдеу платформасына өтті. Енді декларация толтыру уақыты бір минуттан аспайды, құжаттардың басым бөлігі автоматты түрде қаралады. Сонымен қатар Smart Cargo ұлттық логистика платформасы жасалып жатыр. Ол 127 дерек көзіне тікелей қосылады. Тұғырнама адал жұмыс істейтін компанияларға шекарадан тез арада өтуге мүмкіндік береді. Салық саласында да түбегейлі өзгерістер орын алды. Салықтық әкімшілендірудің біртұтас жүйесі құжаттарды өңдеу уақытын бір сағаттан бір минутқа дейін қысқартып, екі миллион салық төлеушінің сервисті пайдалануын жеңілдетті. Smart Data Finance платформасының іске қосылуы – елеулі жетістіктердің бірі. Жүйе мобильді аударымдардан бастап ұшақпен сапарлауға

дейінгі әрекеттердің бәрін қамтитын 78 дереккөзден аналитикалық мәлімет жинайды. Бюджетке онлайн-мониторинг жасау жүздеген миллиард теңге тәуекелі бар төлемдердің алдын алады. Ұлттық тауарлар каталогына 23 миллионнан астам өнім түрі енгізілді. Осы арқылы мемлекеттік сатып алулардың болжамдық-талдамалық моделі жасалып, жыл сайын 200 миллиард теңгеден астам қаржыны үнемдеуге болады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы цифрландыру заман талабы екенін айтты. Бұл ретте Президент Біріккен Араб Әмірліктері қолма-қол төлемсіз экономикаға көшуді жоспарлап отырғанын мысалға келтірді. Қытайдан да үлгі алуға болады. Көрсілес ел жыл сайынғы триллион доллар транзакцияларды цифрлық платформада өңдеу ісін жолға қойды.

Қазақстан да бұл бағытта оң нәтижеге қол жеткізді: еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 80 пайыздан асты. Осы жиынға қатысып отырған отандық фин-тех компаниялар кәсіби деңгейлері жоғары екенін көрсетті. Цифрлық теңгені кенінен қолдану шын мәнінде «ойын ережесін» өзгертеді. Өйткені бюджеттің ашықтығын қамтамасыз етіп, транзакция үшін алынатын комиссиялық төлемдердің шығынын қысқартады. Бұл Қазақстанның дүние жүзінен көбірек капитал тартып, жетекші инвестициялық және қаржылық орталыққа айналуына көмектесуге тиіс. Былтыр елімізде алғаш рет цифрлық активтер мен крипто-валютаны реттейтін құқықтық база қалыптасты. Жылжымайтын мүлікте, алтынды, ірі өндіріс кәсіпорындарының акцияларын және басқа да активтерді токенизация жасауға мүмкіндік пайда болды. Мақсатымыз – аймақтағы жетекші криптохабқа айналу. Үкімет пен Ұлттық банк цифрлық активтерді дамытудың басты бағыттарын бекіткені жөн. Бұл – шұғыл міндет, уақыт күтпейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент «нақты уақыт экономикасына» көшу өте маңызды екеніне назар аударды. Себебі дәстүрлі жүйеде мемлекет үнемі «ізінен қуып» отырады.

Мысалы, бюрократиялық рәсімдер мен бітпейтін келісулер қаржының тиімділігін 30 пайызға дейін азайтады. Тексеріс салық жинау кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізіледі. Ал ол кезде бюджет қаржысы әлдеқашан игеріліп қояды. Жасанды интеллект арқылы күшейтілген платформалық тәсіл бұл ретте едәуір алға озуға жағдай жасайды. Атап айтқанда, үздіксіз предиктивті мониторинг мақсатсыз немесе күмәнді транзакцияларды алдын ала анықтайды. Бұл ретте тек мемлекет ресурсына сенім арту стратегиялық тұрғыдан қате екенін ескерткім келеді. Қабылданған платформалық шешім жеке капиталдың бәсекеге қабілеттілігін сақтайтын басты құрал болуға тиіс. Негізгі міндет – осындай институционалдық орта қалыптастыру. Үкімет бизнесті ынталандыратын нақты ұсыныстар енгізуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы цифрландыру тиімділігін арттыру үшін өлшемді көрсеткіштер қажет екенін еске салды.

Есепсіз немесе көзге көрінбейтін дүниені басқару қиын. Сондықтан Үкімет көп сөзбай, ведомстволар деңгейіндегі жағдайға базалық есеп жүргізетін жүйені қолданысқа енгізгені жөн. Бұған салғырт қарауға болмайды, жұмысты кешіктірмеу керек. Цифрландыру мен мемлекеттік жобалардың пайдасын жан-жақты зерделеу қажет. Үкімет Digital Qazaqstan стратегиясы аясында «ізашар жобаларды» іріктеп шығарды. Оларды мұқият сараптап, экономикаға тікелей әсерін анықтау керек. Жалпы, қай салада болсын, түпкі нәтижеге жету үшін әркім жеке жауапкершіліктен қашауы қажет. Бізде басқа тандау жоқ: не тиімді цифрлық экономика құрамыз, не өркеніет көшнінің соңында қаламыз. Басқаша айтқанда, «не боламыз, не бордай тозамыз», – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, зияткерлік капиталды күшейтіп, еңбек өнімділігін арттырмаса, тек демографиялық өсім бәсекеге қабілетті ел болуға кепілдік бермейді.

Кенестің осыған дейінгі отырысында қабылданған шешімге сай былт Орталық Азиядағы алғашқы Жасанды интеллект университеті ашылды. Шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік құру арқылы іргелі және қолданбалы ғылымды дамытуды қолға алдық. Бірнеше жобаның тізімі жасалды. Олар барынша жедел таратылуға тиіс. Үкімет қысқа мерзім ішінде «ғылымнан нарыққа дейінгі» кезеңдерді түгел қамтитын тізбек жасауы керек. Алдымызда қолданбалы зерттеулерді тез арада коммерциализациялау, салықтық ынталандыру және келешегінен көп үміт күттіретін жобаларды бірлесіп қаржыландыру құралдары қарастырылған толыққанды венчурлық экожүйе қалыптастыру міндеті тұр. Мұндай пәрменді тетік болмаса, ғылыми әлеуетіміз тек академиялық ортамен шектеліп қалады, – деді Мемлекет бас-

шысы.

Президент сенімді инфрақұрылымды цифрлық экономиканың тағы бір берік тұғыры ретінде атады. Бұл – технологиялық дербестіктің алғышарты. Оның маңызы энергетика немесе логистика саласынан кем түспейді.

Есептеу қуатын, деректерді және байланыс арналарын бақылауда ұстау айрықша өзекті. Қазіргі заманда мұны өзгелерден тәуелсіз болудың бұлжымас қағидасы десек, артық айтқандық емес. Бізге жасанды интеллект пен «бұлтты» технология қызметтеріне арналған инфрақұрылымдық базаны дамыту керек. Осы бағыттағы басты жоба – «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру ісін жүйелі жүргізу қажет. Бұл – алдағы уақытта экономикамыздың жаңа индустриялық тірегіне айналатын ауқымды кластер. Мұндай орталықтар кәсіпкерлер мен ғалымдарды есептеу ресурстарымен қамтамасыз етеді. Сенімді цифрлық инфрақұрылым еліміздің стратегиялық активіне айналуға тиіс. Үкімет «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» жобасын мұқият пысықтауы қажет. Бұл ретте халықаралық стандарттар және осы саладағы жетекші компаниялар бекіткен талаптар ескерілуі тиіс. Ең бастысы, бұл аса маңызды жоспар еліміздің сұранысына сай және заманауи озық үрдістерді ескере отырып жасалғаны жөн. Дата-орталықтар – сәнді цифрлық технологиялар көрмесі емес, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев киберқауіпсіздік жіті қадағаланбаса, кез келген инфрақұрылым сыр беретінін мәлімдеді.

Ұлттық технологиялық өнімнің бәрине қауіпсіздік стандарттары енгізу керек. Дербес деректерді қорғау міндеті Конституцияда нақты бекітілді. Сондықтан бұл жұмыс құпиялық, тұтастық, қолжетімділік қағидаттарына негізделуі қажет. Мемлекеттік цифрлық қызметтердің тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуі – басты талаптың бірі. Ашықтық, жаһандық интеграция және ұлттық мүдде арасындағы теңгерімді сақтау – айрықша маңызды. Мемлекет осы жұмысты тиімді ұйымдастырғаны дұрыс. Цифрлық қауіпсіздік мәселесі виртуалды кеңістік ауқымынан әлдеқашан шығып кетті. Таяу Шығыстағы оқиғалар жаһандық тәртіптің осал тұстарын айқындап берді. Өкінішке қарай, бүгінде дамыған елдердің цифрлық инфрақұрылымына қатер төніп тұрғаны жасырын емес. Мұндай жағдайда халықаралық бизнеске қауіпсіздік ауадай қажет. Жаһандық технологиялық қауымдастық үшін институттар мен құқықтық жүйенің тұрақты, ал цифрлық инфрақұрылымның сапалы болғаны өте маңызды. Қазақстанды «цифрлық хабқа» айналдыру жөнінде міндет қойдық. Демек осы талаптың үдесінен шыға білу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге әлемнің әр түркірінен білікті мамандар шақыру және инвестиция тарту үшін барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

Қазақстанды жайлы аймақтық хаб ретінде таныту үшін көші-қон үдерістері оңтайландырылып жатыр. Оның бәрі толық цифрлық форматқа көшіріледі. Тауда қолданысқа енгізілген «Алтын виза» осы бағыттағы елеулі шешімдердің бірі болды. Бұл визаның иегерлері ұзақ уақыт бойы еліміздің резиденті бола алады. Артық әкімшілік жүктемеден босатылады. Оларға едәуір салық жеңілдігі беріледі. Бағдарламаға қатысушылардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан азаматтарымен бірдей сапалы білім алуға, медициналық қызметті пайдалануға мүмкіндігі болады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектті тиімді қолдану үшін деректерге бағдарланған басқару моделін енгізу керек деп санайды.

Жүйеленген деректер – жасанды интеллектті дамытудың экономикалық негізі. Мұндай деректер технологияның әлеуетін пайдаланып, өнімділікті арттыруға жол ашады. Осы ретте тіл бүкіл жүйені біріктіретін басты құрал болуға тиіс. Ең алдымен, қазақ тілін заманауи цифрлық жүйелерге толық кіріктіру керек. Сонда ғана деректерді құрылымдап, инновацияны барлық салаға енгіземіз. Ортақ деректер жинақталып, өзара үйлесімді және машина оқи алатындай форматқа болуға тиіс. Өйтпесе, ең мықты алгоритмнің өзі дұрыс жұмыс істемейді, оның еш пайдасы болмайды. Қазір аса құнды ақпараттың көбі архивтерде шаң басып жатыр. Оның бәрін цифрлық форматқа көшіру қажет. Біз уақыттан ұтылып, мүмкіндікті пайдалана алмай жатырмыз. Үкімет жасанды интеллект үлгілерін оқыту үшін архивтердегі және қолданыстағы мәліметтерді сапалы деректер торабына жинақтауға тиіс. Бұл жұмысқа дереу кіріскен жөн. Бұдан бөлек, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі деректер сапасын айқындайтын ұлттық стандартты бекітуі керек. Ол экономика, ғылым және бизнес өкілдеріне қолжетімді болғаны абзал. Жалпы, деректерге бағдарланған басқару үлгісіне толық көшу үшін Үкімет мемлекеттік бағдарламалардың нормативтік базасы мен мазмұнын қайта қарап шығуға тиіс. Мәліметтерді жүйелеп, «деректер қоймасы» деп аталатын бірыңғай желіге кіріктіру маңызды. Жұмыстың тиімділігі соған қарап бағаланады. Біз осы бағытта шұғыл шараларды қолға алмасақ, салынған инвестиция құмға сіңген судай жоқ болады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жасанды интеллекттің стратегиялық маңызы моделдің ауқымына қарай емес, керісінше экономиканың нақты секторымен қаншалықты үйлесім тапқанына байланысты анықталатынын айтты.

Шын мәнінде, парадигмалар түбегейлі өзгеріп жатыр. Жасанды интеллектті нақты уақыт режимінде пайдалану өсімнің басты факторы санала бастады. Сондықтан бізге деректерді, үдерістер мен адамдарды біріктіретін біртұтас жүйе құру қажет. Осындай негіз қалыптасқанда ғана пилоттық шешімдермен шектелмей, жасанды интеллектті экономиканың барлық секторына енгізуге жол ашылады. Жаһандағы технологиялық жарыста бірде бір ел өз бетінше жасанды интеллект әлеуетін толық пайдалана алмайды. Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес, ең алдымен, экономика және цифрлық платформа саласында келісілген тәсілдер әзірлеп, оны тәжірибелермен алмасу үшін құрылды. Осыған орай Кеңестің келесі отырысында жасанды интеллектті өнеркәсіпке енгізу мәселесін қарастыру қажет деп ойлаймын. Өйткені өндіріс – қосылған құны жоғары өнім өндіретін және жаңа технологияны сынап көретін ең басты алаң. Бұл орайда тау-кен кешені, энергетика, агроөнеркәсіп секторы, логистика салаларындағы өнімділікті арттыру, шығынды азайту және басқару тиімділігін жетілдіру мәселелеріне баса мән беруді ұсынамын. Индустриялық деректерді дамытып, өндірістің цифрлық телнұсқаларын енгізу, сондай-ақ процестерді жаппай автоматтандыру арқылы біз стратегиялық мақсаттардың пікірталас күйінде қалмай, нақты іске ұласуына мүмкіндік жасаймыз, – деді Президент.

Жыныда Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Sinovation Ventures және 01.ai бас директоры Ли Кай Фу, Cambrian Futures бас директоры Олаф Дж. Грот, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Нұрлан Жакыпов, Абу Дабидегі Халифа ғылым және технология университетінің профессоры Меруан Дебба, Тюнинг сыйлығының лауреаты Джон Хопкрофт, БҰҰ-ның «Игілікке арналған ЖИ» бастамасы атқарушы кенесінің төрағасы Әл Мазруи Эбтесам және Oxford Insights бас директоры Ричард Стирлинг сөз сөйледі.

■ Ұлы Жеңіске – 81 жыл

ОЛ КҮНДЕРДІҢ ДАҢҚЫ ӨШПЕЙДІ



Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде миллиондаған қазақстандық неміс фашизміне қарсы күресте жан алысып, жан беріскеніне тарих куә. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің сол жылдардағы ерен еңбегі – бүгінгі жастардың мәңгілік есінде. Осыған орай, Ұлы Жеңіс күні жайлы бірқатар деректерді назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Қазақстандағы Жеңіс күнінің тарихы

Қазақстан аумағында екінші дүниежүзілік соғыстың ұрыс-қимылдары жүрмегенімен, сұм соғыс миллиондаған қазақ отбасын ойрандап, мыңдаған қазақстандықтың жанына жара салғаны анық. КСРО-ның еуропалық бөлігін фашистер басып алған сәтте, Қазақстан елдің жұмылдыру орталықтарының біріне айналды. Мұнда 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 бригада, 50 полк құрылды. Қазақстанда генерал Панфиловтың басшылығымен аты аңызға айналған атқыштар дивизиясы құрылды.

Тарихқа жүгінсек, республиканың сол кездегі 6,5 млн халқының 1,2 млн-нан астамы, яғни шамамен 20 пайызы майданға аттанғаны туралы деректер бар.

Соғыс майданға кеткендердің әрбір екіншісінің, яғни халықтың 12 пайызының - 600 мыңнан астам қазақстандықтың өмірін жалмады.

Мыңдаған қазақстандық өздерін ержүрек жауынгер ретінде көрсетіп, ордендер мен медальдармен марапатталды. 520 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді.

Даңқ орденінің иегерлері – 110 мың майдангер. Қазақ халқы Кеңес Одағының екі мәрте Батыры атанған қазақстандық ұшқыштардың есімін мәңгі есте сақтайды әрі оларды мақтан тұтады.

Олар: Талғат Бигелдинов – шабуылдаушы-ұшқыш, 1945 жылы 24 маусымда Мәскеуде өткен Жеңіс шеруінің қатысушысы, Леонид Беда – әуе эскадрильясы командирі, әуеде 214 жауынгерлік ұшуға қатысқан. Иван Павлов — эскадрилья командирі, ол 237 әскери ұшу мен әуе шабуылына қатысқан. Сергей Луганский – жаудың 37 ұшағының көзін жойып, 390 әскери ұшуға қатысқан ұшқыш.

Сол жылдары майданға 9,5 мың қазақ қыздары да жұмылдырылған. Олар партизандар отрядында болған. Мерген қыз Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметованың ерлігін күні бүгінге дейін көпке үлгі етеді. Шығыстың қос шынары - қазақ қыздары Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Соғыс Жеңіспен аяқталып, Германия жеңілгендігі туралы актіге қол қойғаннан кейін, 9 мамыр – барлық Қазақстан халқы күшін, атаулы мереке ретінде атап өтіліп келеді. Ал 1965 жылдан бастап ол демалыс күні ретінде бекітілді.

Ұлы Отан соғысы – Қазақстан үшін өзіндік мән-мағынасы бар, тарихи оқиға. Сұрапыл соғыста мыңдаған қазақстандық отбасы қайғы жамылып, туған-туыстарынан айрылды.

Соғыс жылдарында туған балалар әкелерін көрмей, жетімдіктің ашы дәмін татты. Сол себепті бұл күн – Қазақстан халқы үшін маңызы зор әрі алтыннан да бағалы күн ретінде қабылданады.

Р. ҚАДІРЖАН.

Хабарландыру

ЖК «ЗУБАЙРАЕВ САЛМАН АЛИКОВИЧ» «Ақмол облысы Целиноград ауданында Южное Нуриное кен орнының құрылысын құмын өндіруге арналған» көзделіп отырған қызметтің Ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өтеді:

-11.06.2026 15:00 Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Рақымжан Қошқарбаев а.о., Рақымжан Қошқарбаев ауылы, Тәуелсіздік 25 жыл к-сі, 1-құрылыс (әкімдік)

-11.06.2026 11:00 Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр а.о., Қабанбай батыр ауылы, Бірлік к-сі 1а, Мәдениет үйі

Төтенше жағдай немесе шектеу шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы бойынша бейнеконференция форматында өтеді:

Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі :<https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwD0pyQkQxbFdvMnlTa0lmdz09>

Конференция идентификаторы: 934 972 0393. Қолжеткізу коды: 4rtj3.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: ЖК ЗУБАЙРАЕВ САЛМАН АЛИКОВИЧ

ЖСН: 910831350540, Мекенжайы: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Сәкен Жүнісов к-сі, 20Б үйі. Ұялы тел. +7 778 949 3029.

Әсер ету аймағы:

- ҚР, Целиноград ауданы, Ақмола облысы.

Кен орны орталығының географиялық координаттары: 1. 50° 47'21.48» 71°24'4.47» 2. 50° 47'6.48»71° 24'9.32» 3. 50° 47'0»71° 24'4.46» 4. 50° 47'8,57»71° 24'3.97»;

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ECO project of city» ЖШС, БСН 150640014249, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел: 87773177502. Эл.мекенжай:sema-200992@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО сайтының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қабылданады.

Қосымша ақпаратты электрондық мекенжай бойынша алуға болады: sema-200992@mail.ru, unosvt@mail.ru.

«Precious Stones Group» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 18 маусымда 11 сағ. 00 минутта Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр а.о., Қызылжар ауылы, Бейбітшілік көшесі, 19а, мектеп ғимараты, мәжіліс залы мекен-жайында Ақмола облысындағы Ақмолинское-3 кен орнында шөгінді тау жыныстарды (әктас) өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына Әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> сайтының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі <https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwD0pyQkQxbFdvMnlTa0lmdz09>

Конференция идентификаторы: 934 972 0393. Қолжеткізу коды: 4rtj3.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекен-жайлар мен телефондар арқылы алуға болады: sema-200992@mail.ru және + 7773177502.

Көзделіп отырған қызметтің операторы: «Precious Stones Group» ЖШС, БСН 150540008924,

Генерал Сабыр Рақымов көшесі, 22-үй, 82-пәтер. Тел. +7(702)-999-09-32.

Жобаны әзірлеуші: «ECO project of city» ЖШС, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел: 87773177502. Эл.мекенжай: sema-200992@mail.ru.

Әсер ету аймағы: АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, Целиноград ауданы

Кен орнының географиялық координаттары:

Учаскенің координаттары: 1 Нүкте. СЕ. 50. 52. 55.42. ШБ. 71. 32. 40.89.; 2 Нүкте. СЕ.50. 52. 55.01. ШБ.71. 32. 47.17. 3 Нүкте. СЕ.50. 52. 47.55. ШБ.71. 32. 43.79. 4 Нүкте. СЕ.50. 52. 45.09. ШБ.71. 32. 52.71. 5 Нүкте. СЕ.50. 52. 43.21. ШБ. 71. 32. 52.35. 6 Нүкте. СЕ.50. 52. 43.95. ШБ.71. 32. 39.25.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

1 Нүкте. СЕ. 50. 52. 55.42. ШБ. 71. 32. 40.89.; 2 Нүкте. СЕ.50. 52. 55.01. ШБ.71. 32. 47.17. 3 Нүкте. СЕ.50. 52. 47.55. ШБ.71. 32. 43.79. 4 Нүкте. СЕ.50. 52. 45.09. ШБ.71. 32. 52.71. 5 Нүкте. СЕ.50. 52. 43.21. ШБ. 71. 32. 52.35. 6 Нүкте. СЕ.50. 52. 43.95. ШБ.71. 32. 39.25.

«Precious Stones Group» ЖШС 18.05.2026 жыл мен 02.06.2026 жыл аралығында, ҚО және ТРЖ ҰДБ сайтында <https://ndbecology.gov.kz/> Ақмола облысының Ақкөл ауданында орналасқан Ақмолинское-3 шөгінді тау жыныстарды (әктас) өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдауларды өткізеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар ҚО <https://ndbecology.gov.kz/> және ТРЖ ҰДБ natur@aqmola.gov.kz сайтында құжаттама жарияланғаннан кейін он жұмыс күні ішінде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: «Precious Stones Group» ЖШС, БСН 150540008924, Генерал Сабыр Рақымов көшесі, 22-үй, 82-пәтер. Тел. +7(702)-999-09-32.

Учаскенің географиялық координаттары: 1 Нүкте. СЕ. 50. 52. 55.42. ШБ. 71. 32. 40.89.; 2 Нүкте. СЕ.50. 52. 55.01. ШБ.71. 32. 47.17. 3 Нүкте. СЕ.50. 52. 47.55. ШБ.71. 32. 43.79. 4 Нүкте. СЕ.50. 52. 45.09. ШБ.71. 32. 52.71. 5 Нүкте. СЕ.50. 52. 43.21. ШБ. 71. 32. 52.35. 6 Нүкте. СЕ.50. 52. 43.95. ШБ.71. 32. 39.25.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 1 Нүкте. СЕ. 50. 52. 55.42. ШБ. 71. 32. 40.89.; 2 Нүкте. СЕ.50. 52. 55.01. ШБ.71. 32. 47.17. 3 Нүкте. СЕ.50. 52. 47.55. ШБ.71. 32. 43.79. 4 Нүкте. СЕ.50. 52. 45.09. ШБ.71. 32. 52.71. 5 Нүкте. СЕ.50. 52. 43.21. ШБ. 71. 32. 52.35. 6 Нүкте. СЕ.50. 52. 43.95. ШБ.71. 32. 39.25.

Әзірлеушілердің деректемелері және байланыс деректері: «ECO project of city» ЖШС, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел./факс: 87773177502. БСН: 150640014249.

Жария тыңдаулар өткізу кезінде төмендегі мекенжай бойынша көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: эл.пошта sema-200992@mail.ru және 8(777)3177502 телефоны бойынша.

«Қазбек Тас» ЖШС Ақмола облысы Целиноград ауданы жерінде орналасқан Эвридика кен орнында құрылыс тастарын өндіру салдарын жою жөніндегі жоспарының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында орналастырылған.

Жария талқылаулар 18.05.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында жалғасады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Қазбек Тас» ЖШС, БСН 210940028540, ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 88/1 ғимарат.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Сарыарқа Зем-GeoПроект» ЖШС, БСН: 140640013249, мекенжайы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25, 404/1-офис, «Өркен» іскерлік орталығы, тел.: 8-7172-72-50-45, +7 701 446-66-24.

Жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс телефондары: e-mail: skk_13@inbox.ru, тел.: 8 (701) 446-66-24.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89, e-mail: urp.expertiza@mail.ru. мекенжайы бойынша қабылдайды. Байланыс телефондары: 8 (716 2) 40-28-07.

■ Біздің сұхбат

БИ ТӨРЕЛІГІН ЖАҢҒЫРТУ ҚАЖЕТ

Қазақ қоғамында бағзыдан билер билігі әділдігімен көпшілік көңілінен шығып отырған. Би болатын адам-білімпаз, ақын, батыл, заңгер, саясаткер, әділетті, тәрбиелі сияқты жан-жақты қабілет-қасиетке ие болу керек.

Осындай қасиеттері бар биді хан да, қара да (бұқара) тындап, оған жүгініп, шешіміне құлдық ұрып, бас иген. Қазақ билерінің болмыс-сипаты жөнінде, белгілі заңгер-ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор, академик Салық Зиманов былай деп жазды: «Қазақ құқығы нормаларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші, әрі реформаторы, сот билігін ел бірлігіне арнаған, көне дәстүрді берік ұстанған билер деп аталатын ерекше тап еді. Бұл қазақ билері Шығыстағы басқарушы-билерден өзгеше болып қалыптасты. Олар әрі ақын, әрі шешен, философ, әрі ойшыл, әдет-ғұрып құқығының білгірі және оның реформаторы, әскери қолбасшы және басқарушы еді, ал көзқарасы негізінен-өз қызметінде жергілікті ру мүдделерінен бұрын Қазақ биінің моральдық-құқықтық мәртебесі халықтың: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген талабынан көрініс тапты»

Ахмет Байтұрсынұв: «Бұрынғы әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатұғын жақсы дәрі еді, бұл күнгі арам билердің қолында дәрі болмақ түгіл, у болып жұғып тұр»-деп, бұрынғы билерді «әділ билер» деп баға береді. Қаныш Сәтбаев: «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары, білімі бар» деп қазақ билерінің моральдық-зияткерлік бітімінің жоғары деңгейде болғанын тұжырымдайды.

Ақмола облысы бойынша ҚБ билер алқасының мүшесі Сайраубек Тоқанұлы НАҚЫПБАЕВ бұл тұрғыда не дейді? Соған құлақ түрсек.

– Ақмола облысы бойынша «Ақмола билер алқасы» ҚБ мүшесі ретінде билердің атқаратын қызметі туралы не айта аласыз?

– «Ақмола билер алқасы» ҚБ 2023 жылы 8 қараша айында заңды тұлға ретінде бекітілді. Мақсаты - қазіргі қоғам талабына сай заң, әділдік пен тәртіптің сақталуын, ел арасында дау-дамайды сотқа жеткізбей шешіп, ақыл-кеңес беру, татуластыру.

Өскелең ұрпаққа отансүйгіштіктің тамыры Ана тілі – мемлекеттік тілден бастау алатынын ұғындыру, имандылыққа, адалдық пен ізгілікке, ғылым-білімге, еңбекқорлыққа шақыратын тақырыптарды қаузап, оқу орындарында, мекемелерде семинарлар, сабақтар, «дөңгелек үстелдер», дәрістер мен сұхбаттар іс-шараларын өткізу жұмыстарымен айналысамыз. Бір айта кететін жәйт, ішімдікті, нашакорлықты іс қызметкерлерімен бірігіп тоқтатуға күш салудамыз. Спорт ойындарын әсіресе ұлттық спорт ойындарынан жарыс ұйымдастырамыз.

– Құқықтық заңдылықтар қалыптасқан елімізде Билер кеңесі қажет пе?

– Тәуелсіздік алып, дербес даму жолына түскен Қазақстан жұртшылығы заман талабына сай мемлекеттік жүйе мен саяси құрылымды қалыптастыру үшін дәстүрлі құқықтық мәдениеттің демократиялық-гуманистік принципке құрылған би төрелігі тәрізді жекелеген институттарын



қайта жаңғырту қажеттігін жақтады.

Елдің сот жүйесінде билер институттарын қалпына келтіріп, оған жергілікті заң бұзушылық, неке дауы, отбасы, ағайын-туыс араздығы тәрізді келеңсіздіктерге төрелік функциясын беру туралы ұсыныстар жасалды.

Осыған орай, мемлекеттің «100 нақты қадам» ұлт жоспарында соттан тыс баламалы тетіктерді, соның ішінде бітімгершілік және медиация процедурасын қарқынды дамыту қарастырылған. Бұл қызмет ежелден келе жатқан билер институты екендігін айта кету керек.

– Мемлекет тарапынан Билер мәселесіне қолдау бар ма?

– Жоғарыда айтып өткенімдей, әрине бар. Билер кеңесі институтын жаңғырту туралы Заң ғылымының докторлары, академиктер С. Зиманов, С. Сартаев,

қоғам қайраткерлері, жазушы А. Сейдімбеков, Ш. Мұртаза т.с.с. тұлғалар кезінде мәселе көтерген.

– Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев өз Жолдауында Ұрпақ тәрбиесін «Адал азамат» тұжырымдамасы негізінде, ұлттық құндылыққа, ана тіліне, еңбекқорлыққа, білімге және патриотизмге бағыттайды. Негізінен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізуге баланың отбасында ана тілінде білім мен тәрбиесін қатар ұстауға назар аударылған. Ол өз сөзінде қазақ тілі – ұлттың жаны, тарихы, ділі екенін атап өткенді. Президент ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу аса жауапты әрі күрделі міндет екенін баса айтты. Осы жөнінде айтар пікіріңіз қандай?

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Ел болам десең – бесігінді түзе» деген ұлы Мұханның сөзін алға тартқан болатын. Өскелең ұрпақ тәрбиесі – өте маңызды мәселе. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасак, бұл өте қауіпті үрдіс, - дегенді.

Түйіндей айтқанда, ежелден көшпелі мемлекеттік дәстүрі бар қазақ қоғамының Ата заңының жүйелі құрылымында «Қасымның қасқа жолында», «Есімнің ескі жолында», Тәуке ханның «Жеті жарғысында» айқын көрініс тапты. Онда қазақ билерінің даналығы, тереңдігі, білімі, тәжірибесі, ақыл-ойының қуаттылығы жинақталған. Бүгінгі Ата заңымыз, Қазақстан Республикасының Конституциясы бабаларымыз қалыптастырған заңдық жүйенің жалғасы боларына сеніміміз кәміл бола берсін.

Сұхбатты жүргізген Т. ТӘШКЕЕВ.



Құттықтау

Құрметті Мәуленова Қаршыға Қазалиқызы!



Сізді ұзақ жылдар бойы білім беру саласында атқарған қажырлы еңбегіңіздің заңды жемісі – зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз білім саласына, мектеп өміріне өлшеусіз үлес қосып, талай шәкірттің болашағына даңғыл жол аштыңыз. Ұстаздық жолдағы парасатыңыз бен іскерлігіңіздің, талапшылдығыңыз бен қамқорлығыңыздың арқасында әріптестеріңіз бен оқушыларыңыздың құрметіне бөлендіңіз.

Сіз басқарған ұжым әрдайым биік белестерден көрініп, білім мен тәрбие беруде үздік нәтижелерге қол жеткізді. Бұл – Сіздің біліктілігіңіз бен көшбасшылық қасиетіңіздің айқын дәлелі.

Алдағы өміріңізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт пен береке тілейміз!

Еңбегіңіздің зейнетін көріп, немерешөберенің қызығына бөлене беріңіз!

Ізгі тілекпен: **Жаңажол мектебінің ұжымы.**

САЙЛАУ — 2026

Целиноград ауданының Қараөткел ауылдық округінің әкімін сайлауын 2026 жылғы 14 маусымға тағайындау туралы ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14 бабының 2 және 8-1 тармақшарларына, 113-1 бабының 1 тармағының 2 тармақшасына, 3 және 4 тармақтарына сәйкес Целиноград аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 6 мамырдағы № 37/69 «Целиноград ауданының Қараөткел ауылдық округінің әкімін заңда белгіленген өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты Қараөткел ауылдық округінің әкімін сайлауын өткізу туралы» қаулысына сәйкес **2026 жылғы 14 маусымда** Қараөткел ауылдық округінің әкімін сайлау тағайындалды.

Сонымен қатар, Қараөткел ауылдық округінің әкімін сайлауын дайындау және өткізу туралы негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары бекітілген, ол аудандық аумақтық сайлау комиссиясының әкімдігінің интернет-парақшасында орналастырылды.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Esil-Nura

**Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ**

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды еселке қою туралы N 16264-Г Күзегіні 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 86.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

